

2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1429.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 630, 631, 632, 633, 634-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің 2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

630 қосымша

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2003 жылға арналған 001 "Әкімшілік шығындар" республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 803856 мың теңге (сегіз жүз үш миллион сегіз жүз елу алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы N 325 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 мамырдағы N 577 қаулысы ; "Смета бойынша тиісті органды ұстауға арналған қаражатты үнемдеу есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы N 1127 қаулысы ; "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 39 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген функцияларын барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің орталық аппараты мен оның аумақтық бөлімшелерінің қызметін, ауылдық округтердегі статистиктердің сенімді бастапқы статистикалық есептілікті жинауын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі мен оның аумақтық бөлімшелерінің орталық аппараттарын ұстау, бастапқы мемлекеттік статистикалық есептіліктің дұрыстығын көтеру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

р/н!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның!Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама.! асыру !орындаушылар
!ла. !дар.!ламаның) !ны) іске асыру !мерзім!
!ма. !ла. !атауы !жөніндегі ! дері !
!ның !ма. ! !іс-шаралар ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 001 Әкімшілік

шығындар

001 Орталық Қазақстан Респуб. жыл Қазақстан
органның ликасының Статистика бойына Республикасы.

аппараты жөніндегі агенттігі. ның

нің орталық аппара. Статистика

тын бекітілген штат жөніндегі

санының лимиттері агенттігі

шегінде 186 бірлік

көлемінде ұстау.

002 Аумақтық Қазақстан Респуб. жыл Қазақстан
органдардың ликасының Статистика Республика.

аппараттары жөніндегі агенттігінің сының

аумақтық бөлімшелерін Статистика

бекітілген штат жөніндегі

санының лимиттері агенттігі

шегінде 371 бірлік

көлемінде және ауыл.
дық округтердегі
статистиктерді 2319
бірлік көлемінде
ұстау

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне жүктелген функциялардың сапалы және уақытында орындалуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
631 қосымша

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2003 жылға арналған 010 "Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 4019 мың теңге (төрт миллион он тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3-бабы ; "1999 -2005 жылдары Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1180 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру институтын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 қаңтардағы N 19 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы оқыту бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімін, іскерлігін және дағдысын жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

р/н!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның!Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты

N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама.! асыру !орындаушылар

!ла. !дар. !ламаның) !ны) іске асыру !мерзім. !
!ма. !ла. !атауы !жөніндегі ! дері !
!ның !ма. ! !іс-шаралар ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 010 Кадрлардың Бекітілген білік. жыл Қазақстан
біліктілігін тілігін арттыру бойына Республикасы.
арттыру және жоспарына сәйкес ның
оларды қайта мемлекеттік Статистика
даярлау қызметшілердің жөніндегі
005 Мемлекеттік біліктілігін агенттігі
қызметшілердің арттыру бойынша
біліктілігін көрсетілетін
арттыру қызметтерді сатып
алу, соның ішінде
мемлекеттік тілге
оқыту. Біліктілігін
арттыру курсынан
өтетін мемлекеттік
қызметшілердің орташа
жылдық саны 161.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қазіргі заманғы
экономикалық жағдайларға және мемлекеттің ресурстық мүмкіндіктеріне сәйкес
кәсіптік мемлекеттік қызмет талаптарына жауап беретін мемлекеттік қызметшілерді
сапалы оқытудың үйлесімді жүйесін қалыптастыру және дамыту жолымен мемлекеттік
қызметшілердің кәсіптік деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына

632 қосымша

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған 031 "Республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайы
туралы ақпараттық-статистикалық деректер базасын құру"
республикалық бюджеттік бағдарламаның**

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 1112483 мың теңге (бір миллиард жүз он екі миллион төрт жүз сексен үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "1999-2005 жылдары Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы 1180 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 мамырдағы N 577 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, "Қазпатент" және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің "Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1552 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 910 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі Ақпараттық-баспа орталығы" "Қазстатақпарат" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 479 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, экологиялық дамуы туралы ақпараттық-статистикалық деректер базаларын құру және осы деректер негізінде пайдаланушыларды жедел әрі дұрыс статистикалық ақпараттармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: статистикалық есептілік және сұрақтама бланкілерін дайындау, көбейту және тарату, статистикалық есептілікті электрондық тасымалдаушыларға енгізу, статистикалық деректерді аймақтық және республикалық деңгейде өңдеу, сапасын бақылау және жіберу; ақпараттық-статистикалық деректер базасын қалыптастыру; дайындалған ақпаратты алу; оны электрондық түрде және жарияланым түрінде тарату.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

р/н!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның!Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама.! асыру !орындаушылар
!ла. !дар.!ламаның) !ны) іске асыру !мерзім.!
!ма. !ла. !атауы !жөніндегі ! дері !
!ның !ма. ! !іс-шаралар ! !

!коды!ның ! ! ! !

! !коды! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 031 Республиканың

әлеуметтік-

экономикалық

жағдайы туралы

ақпараттық-

статистикалық

деректер

базасын құру

030 Ақпараттық- Орталықтарды жыл Қазақстан
статистикалық бекітілген бойына Республикасы.

орталықтар штат санының ның

лимиттері шегінде Статистика

2750 бірлік көлемін. жөніндегі

де ұстау, соның агенттігі

ішінде қызметіне

ақы төлеу: жаппай

есепке алу мен

іріктеп зерттеуді

үйлестіру негізінде

статистикалық есеп.

тілікті табыстау

схемасын жетілдіру;

статистиканың барлық

салаларында іріктеп

зерттеуді жүргізудің

әдістемесін енгізу;

зерттеулер жүргізу;

031 Статистикалық Қызметке (жұмысқа жыл Қазақстан
деректерді ақы төлеу): бойына Республикасы.

жинау және статистиканың барлық ның

өңдеу салалары бойынша Статистика

аумақтық органдардан жөніндегі

ақпарат жинау және агенттігі

республикалық деңгейде

өңдеу бойынша; статистиканың барлық салалары бойынша ақпараттық-статистикалық деректер базасын құру бойынша (200);
032 Статистикалық Қызметке (жұмысқа жыл Қазақстан ақпаратты және ақы төлеу): бойына Республика. статистикалық статистикалық дерек. сының есептілік терді пайдаланушылардың Статистика нысандарын каталогын құру жөніндегі жариялау және бойынша; статистикалық агенттігі тарату деректерді дайындаудың және таратудың біртұтас технологиясын орнату бойынша; Агенттік жарияланымдарының: жинақтар, журналдар, жылнамалар - 39 атау-таралымы 400 дана, атаулары 260 салалық статбюллетеньдер - таралымы 160 дана кеңейтілген сериясын әзірлеу, бекіту және шығару бойынша; статистикалық анықтамалар құру жөніндегі басқа елдер тәжірибесін зерделеу және пайдалану бойынша; статистикалық деректерді жариялау және тарату жүйесін жетілдіру бойынша; статистикалық ақпараттарды электрондық және басқа тасымалдаушылар мен байланыс құралдарында, соның

ішінде Интернетте де,
тарату желілерін құру
және кеңейту; статисти.
калық есептілік нысан.
дарының бланкілері мен
нұсқаулықтарын 11,2 млн.
дана жалпы таралым мен
даярлау және дайындау
бойынша.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: сапалы және белгіленген уақытта пайдаланушыларды статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету, құру, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес, республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық-статистикалық деректер базасын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

633 қосымша

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2003 жылға арналған 500 "Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу" республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 81000 мың теңге (сексен бір миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "1999-2005 жылдары Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1180 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, "Қазпатент" және "Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінің "Ақпараттық-есептеу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын құру мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1552 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: статистика органдары ақпараттық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, статистикалық есептілікті өңдеу мерзімдерін қысқарту, өңделетін ақпараттар көлемін ұлғайту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Агенттіктің барлық құрылымдық бөлімшелерінде, сондай-ақ ведомствоға қарасты ұйымдарда жергілікті есептеу желісінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету; есептеу техникасының барлық құралдарын орнату және техникалық қызмет көрсету; статистикалық есептілік деректерін өңдеудің қазіргі заманғы ақпараттық технологияларын енгізу; статистикалық деректер базасын жобалау, енгізу және жүргізу, телекоммуникациялық арналар арқылы статистикалық деректерді қабылдау және жіберуді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

р/н!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның!Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама.! асыру !орындаушылар
!ла. !дар.!ламаның) !ны) іске асыру !мерзім.!
!ма. !ла. !атауы !жөніндегі ! дері !
!ның !ма. ! !іс-шаралар ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 500 Мемлекеттік
статистика
органдарының
ақпараттық
жүйелерін
сүйемелдеу
030 Мемлекеттік Мына бағыттағы жыл Қазақстан
статистика қызметтерді (жұмыс. бойына Республика.
органдарының тарды) орындау: сының
ақпараттық қызметтерді жыл Статистика
жүйесіне сайынғы Статистика. жөніндегі
ақпараттық- лық жұмыстар жоспарына агенттігі
техникалық сәйкес жиналатын
қызмет көр. статистикалық
сету және ақпараттарды өңдеудің
сүйемелдеу 190-нан кем емес
бағдарламалық кешенін
әзірлеу, енгізу және
қамтамасыз ету;
республикалық деңгейде

(450-ден артық жұмыс орны), аймақтық деңгейде (2000-нан артық жұмыс орны) базалық бағдар. ламалық қамтамасыз ету, жергілікті есептеу желі. лерін (17 бірлік) әкімшіліктендіру; компьютерлік жабдықтарға техникалық қызмет көрсету (2300-ден артық дербес компьютерлер, 60 сервер, 650 лазерлік және 800 матрицалық принтерлер, 250 бірлік желілік жабдықтар); Агенттіктің деректер жіберу желісін ұстау (191 статистиканың аудандық бөлімі, 16 облыстық басқармалар, 1 орталық торап)

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: сапалы және белгіленген уақытқа статистика органдары ақпараттық жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, есептеу техникалары мен желілердің құралдарын техникалық қамтамасыз ету, қазіргі заманғы ақпараттық технологияны енгізу, статистикалық өндірістің барлық кезеңдерін қамтамасыз ету, Агенттіктің деректер беру желісінің " аудан-облыс-орталық" схемасы бойынша жұмыс істеуі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына

634 қосымша

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2003 жылға арналған 600 "Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйелерін құру" республикалық бюджеттік бағдарламаның

ПАСПОРТЫ

1. Құны: 35000 мың теңге (отыз бес миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "1999-2005 жылдары Қазақстан Республикасында мемлекеттік статистиканы жетілдірудің бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы N 1180 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін республикалық және аймақтық деңгейде күшейту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: статистиканың аймақтық бөлімшелерінің техникалық жарақтану дәрежесін көтеру және қолда бар жергілікті есептеу желілерін жаңғырту: Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігінің корпорациялық желісі құрамында ұжымдық кіру мүмкіндігі бар жоғары өнімді серверлік орталық құру; республикалық деңгейде статистикалық деректер базасын мамандандырылған сақтау орнын құру; деректер алмасудың жоғары жылдамдығы мен сенімділігін қамтамасыз ету, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу үшін негіз құру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары:

р/н!Бағ.!Кіші!Бағдарламаның!Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты
N !дар.!бағ.!(кіші бағдар.!(кіші бағдарлама.! асыру !орындаушылар
!ла. !дар.!ламаның) !ны) іске асыру !мерзім.!
!ма. !ла. !атауы !жөніндегі ! дері !
!ның !ма. ! !іс-шаралар ! !
!коды!ның ! ! ! !
! !коды! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

1 600 Мемлекеттік Статистиканың жыл Қазақстан
статистика облыстық басқарма. бойына Республика.
органдарының ларында 230 дана сының
ақпараттық дербес компьютерлер; Статистика
жүйелерін есептеу желілерін жөніндегі
құру кеңейту және жаңғырту агенттігі
үшін активті және
пассивті желілік
жабдықтар жинақталы.
мын (16 данадан кем
емес концентратор,

9700 метр кабель),
80 дана дербес лазер.
лік принтерлер сатып
алу және орнату.

. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: статистиканың аймақтық бөлімшелерін техникалық қосымша жарақтандыру статистикалық ақпаратты жинау мен өңдеудің жаңа технологияларын енгізуге мүмкіндік береді, бөлінген деректер базасын енгізу мүмкін болады, дербес компьютерлермен жарақтану көтеріледі, облыстық басқармалардың жергілікті желісіне статақпараттар өңделетін барлық жұмыс орындары қосылатын болады, қуатты серверді іске қосу Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігінің есептеу ресурстарын едәуір арттырады, статистикалық деректерді өңдеудің ең жоғары жылдамдығын, деректер базаларын басқару жүйесінің реляциялық моделін жүзеге асыру және оларды қорғау мүмкіндігін қамтамасыз етеді; желінің өткізу қабілеті өседі, деректерді табыстау жылдамдығы 1 Гбит/с-ны құрайды.

Тұтастай алғанда, техникалық жарақтану деңгейі жедел статистиканы табыстау мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік береді және ұсынылатын ақпараттың сапасын жақсартуға оң әсер етеді.